



Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күші жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 28 ақпандағы N 173 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 20 сәуірдегі № 231 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 20.04.2022 № 231 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2005 жылғы 28 ақпандағы
N 173 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар

1. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.04.04 266 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2010.09.30 № 992 Қаулысымен.

3. "Туризм жөніндегі кеңес құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 30 қазандағы N 1631 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 44-45, 534-күжат):

1) Туризм жөніндегі кеңестің құрамына мыналар енгізілсін:

Мыңбаев - Қазақстан Республикасы Премьер-

Сауат Мұхаметбайұлы Министрінің орынбасары - Қазақстан

Республикасының Индустрия және сауда

министрі, төраға

Исекешев - Қазақстан Республикасының Индустрия

Әсет Өрентайұлы және сауда вице-министрі, төрағаның орынбасары

Өскенбаев - Қазақстан Республикасы Индустрия және Қайырбек Айтбайұлы сауда министрлігінің Сауда және туристік қызметті реттеу комитетінің төрағасы

Қайсаров - Қазақстан Республикасы Парламентінің Уәлихан Әбішұлы Сенаты Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің хатшысы, Спорттық туризм және туристік көпсайыс республикалық федерациясы қауымдастығының төрағасы (келісім бойынша)

Елеусізов - Қазақстанның "Табиғат" қауымдастықтар Мэлс Хамзаұлы мен кәсіпорындар экологиялық одағының төрағасы (келісім бойынша)

мына:

"Никитинский - Қазақстан Республикасының Туризм және Евгений Сергеевич спорт жөніндегі агенттігі төрағасының орынбасары

Зәкіриянов - Спорттық туризм және туристік көпсайыс Қайрат Хайроллаұлы республикалық федерациясының президенті, Қазақстан Республикасының Туризм және спорт академиясының ректоры (келісім бойынша)

Казанцев - Қазақстан Республикасы Үкіметінің Павел Олегович жанындағы Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі комиссияның мүшесі, Астана қаласы кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау қауымдастығының президенті"

деген жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"Никитинский - Қазақстан Республикасы Индустрия және Евгений Сергеевич сауда министрлігінің Сауда және туристік қызметті реттеу комитеті төрағасының орынбасары

Зәкіриянов - Орталық Азия бейінді жоғары оқу орындары Қайрат Хайроллаұлы қауымдастығының президенті (келісім бойынша)

Казанцев - Астана қаласы кәсіпкерлердің құқықтарын Павел Олегович қорғау қауымдастығының президенті (келісім бойынша)";

көрсетілген құрамнан Есімов Ахметжан Смағұлұлы, Кәрменова Альмира Нұрқасқызы, Савченко Светлана Юрьевна, Тұрлыханов Дәулет Болатұлы, Уажанов Тұрсын Үшбайұлы шығарылсын;

2) көрсетілген қаулымен бекітілген Туризм жөніндегі кеңес туралы ережеде:

19-тармақтағы "Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігі" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Сауда және туристік қызметті реттеу комитеті" деген сөздермен ауыстырылсын.

4. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 23.08.2016 № 476 қаулысымен.

5. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 10.08.2015 № 621 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).